

Шу ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 459 қаулысы . Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 желтоқсанда № 4027 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына, 6 бабының 2 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Шу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шу ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шу ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" Шу ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 шілдедегі № 268 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3518 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде 2017 жылғы 5 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Сегізбайұлы Жақсыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы

Б. Жәнібеков

" " 2018 ж

Шу ауданы әкімдігінің
2018 жылғы _____ № ____
қаулысына қосымша

Шу ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

№	Автомобиль жолдары		
	Индекс	Атауы	Ұзақтығы (шақырым)
1.	КН-SH-1	Төле би-Абай (0-8,91)	8,91
2.	КН-SH-2	Тасөткел ауылына кіреберіс (0-2,20)	2,20
3.	КН-SH-3	Аспара ауылына кіреберіс (0-0,84)	0,84
4.	КН-SH-4	Еңбек ауылына кіреберіс (0-1,75)	1,75
5.	КН-SH-5	Сауытбек ауылына кіреберіс (0-5,74)	3,35
6.	КН-SH-6	Жайсан ауылына кіреберіс (0-1,11)	1,11
7.	КН-SH-7	Жаңажол ауылына кіреберіс (0-6,85)	6,85
8.	КН-SH-8	Еңбекші ауылына кіреберіс (0-1,00)	1,00
9.	КН-SH-9	Тасөткел су қоймасы ауылына кіреберіс (0-4,20)	4,20
10.	КН-SH-10	Көкқайнар-Ақсу (0-15,84)	15,84
11.	КН-SH-11	Оразалы Батыр ауылына кіре беріс (0-1,22)	1,22
12.	КН-SH-12	Ақсу ауылына кіре беріс (0-6,22)	6,22
13.	КН-SH-13	Бірлік ауылына кіреберіс (0-1,54)	1,54
14.	КН-SH-14	Далақайнар ауылына кіреберіс (0-0,97)	0,97
15.	КН-SH-15	Балуан Шолақ ауылына кіреберіс (0-5,60)	5,60
16.	КН-SH-16	Балуан Шолақ-Бөлітік-Ақтасты (0-4,12)	4,12
17.	КН-SH-17	Еспе ауылына кіре беріс (0-6,00)	6,00
		Барлығы:	71,72